



Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Фармакология негіздері» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В085-Фармация

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Фармакология пәні және оның міндеттері. Жаңа дәрілік заттарды іздестіру жолдары. Жаңа дәрілерді іздестіру бағыттары. Дәрілердің сапасын бағалайтын Мемлекеттік бақылау. ҚР Мемлекеттік фармакопоясы, оның мазмұны мен маңызы.	01	Жалпы және жергілікті фармакология. Фармакокинетика мен фармакодинамиканың негізгі түсініктері. Дәрі-дәрмектердің ағзаға әсер етуінің түрлері.	-жалпы және жеке фармакология бөлімдері нені зерттейтінін айту; -фармакокинетика мен фармакодинамиканың негізгі түсініктерін қалыптастыру; -дәрі-дәрмектердің ағзаға әсер етуі жолдарын атау;
		02	Фармакокинетиканың негізгі түсініктері: Енгізу жолдары. Таралуы. Биотрансформация. Дәрілік заттың шығу жолдары.	-фармакокинетиканың негізгі түсініктерін сипаттау: енгізу жолдары, таралуы, биотрансформация, дәрілік заттың шығу жолдары; -дәрілік заттың ағзада алмасуының екі негізгі түрін атау; -дәрілік заттың ағзада таралуына әсер ететін биологиялық тосқауылдарды көрсету;
		03	Фармакодинамиканың негізгі түсініктері: Дәрі-дәрмектің әсер етуінің орны. Әсер ету механизмі. Әсер ету түрлері. Фармакологиялық әсері.	-фармакодинамиканың негізгі түсініктерін сипаттау: дәрі-дәрмектің әсер етуінің орны, әсер ету механизмі, әсер ету түрлері, фармакологиялық әсерін сипаттау;
02	Дәрілік заттарды жіктеудің принциптері. Мемлекеттік Фармакопоя бойынша дәрілерді жіктеудің	04	Дәрі-дәрмектердің жіктелуі: а) фармакологиялық топтар бойынша; б) агрегатты жағдайы бойынша;	-дәрі-дәрмектерді жіктеу: а) фармакологиялық топтар бойынша; б) агрегатты жағдайы бойынша; в) физико-химиялық

	номенклатурасы. Дәрі-дәрмектерді іздестіріп алудың негізгі көздері.		в) физико-химиялық қасиеттеріне байланысты; г) шығарылу түрлері бойынша; д) қолдану тәсілдері бойынша.	қасиеттеріне байланысты; г) шығарылу түрлері бойынша; д) қолдану тәсілдері бойынша;
03	Дәрі-дәрмек, дәрілік препарат, дәрілік қалып туралы түсінік.	05	Дәрілік заттар, дәрілік препараттар, дәрілік түр туралы негізгі мәліметтерді қалыптастыру: Драже (Dragee), Ұнтақ (Pulvis), Гранулалар (Granulaes), Пастилкалар (Trochiscius), Карамель (Caramel), Жағылма (Unguentum), Паста (Pasta), Крем (Crepito), Гель (Gel), Ембалауыз (Suppositorium), Буластыр (Emplastrum), Ерітінді (Solutio), Эмульсия (Emulsum), Суспензия (Suspensio), Тұнба (Infusum), Қайнатпа (Decoctum), Тұндырма (Tinctura), Новогален препараты, Микстура, Шырын (Sirupus), Сығынды (Extractum), Линимент (Linimentum), Капсула (Capsula), Инъекцияға арналған дәрілік түрлер (ампулалар, флакондар), Аэрозоль (Aerosolum), Көз қабықшалары (Membranullae).	-дәрілік қалыптарды сипаттау: Драже (Dragee), Ұнтақ (Pulvis), Гранулалар (Granulaes), Пастилкалар (Trochiscius), Карамель (Caramel), Жағылма (Unguentum), Паста (Pasta), Крем (Crepito), Гель (Gel), Ембалауыз (Suppositorium), Буластыр (Emplastrum), Ерітінді (Solutio), Эмульсия (Emulsum), Суспензия (Suspensio), Тұнба (Infusum), Қайнатпа (Decoctum), Тұндырма (Tinctura), Новогален препараты, Микстура, Шырын (Sirupus), Сығынды (Extractum), Линимент (Linimentum), Капсула (Capsula), Инъекцияға арналған дәрілік түрлер (ампулалар, флакондар), Аэрозоль (Aerosolum), Көз қабықшалары (Membranullae);
04	Рецепт, оның құрылысы және маңызы. Рецептін жазылу ережелері. Дәрі-дәрмектерді аталуының принциптері, номенклатурасы.	06	Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы ҚР нормативті-құқықтық актілері. Рецепт: анықтамасы, маңызы, құрылысы. Рецептуралық бланктердің түрлері. Рецептуралық қысқартулар. Әдеттегі классикалық рецепт нұсқауының негізгі бөліктері. Дәрілерді мөлшерлеуінің жалпы ережелері.	-рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы ҚР нормативті-құқықтық актілерін қолдану аясын сипаттау; -рецептуралық бланк түрлерін білу; -рецептуралық қысқартуларды білу; -рецептін негізгі бөлімдерін көрсету;
05	Жүйке жүйесінің функцияларын реттеуші дәрі-	07	Орталық жүйке жүйесінің қызметін реттейтін дәрілердің жалпы	-орталық жүйке жүйесінің қызметін реттейтін дәрілер тобы туралы толық мағлұмат

	дәрмектер (орталық және шеткерлік).		мінездемесі.	қалыптастыру;
		08	Наркозға арналған дәрі-дәрмектер. Этил спирті.	-наркозға арналған дәрі-дәрмектер тобының қолдану нұсқаулықтарын, ерекшеліктерін білу;
		09	Ұйықтататын дәрі-дәрмектер.	-ұйықтататын дәрі-дәрмектер тобының фармакологиялық қасиеттерін, қолданылуын, жағымсыз әсерлерін және осы топқа қатысты айрықша нұсқауларын білу;
06	Атқарушы мүшелердің функциясын реттейтін дәрі-дәрмектер (жүрек-қан тамыр жүйесін, тыныс алу, асқазан-ішек жолдарын және т.б.).	10	Жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер.	-жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер топтарына сипаттама беру, қолдану тәсілдері мен жағымсыз әсерлерін, басқа дәрілермен әсерлесуін, айрықша нұсқауларын білу;
		11	Тыныс алу мүшелерінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер.	-тыныс алу мүшелерінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер топтарын сипаттау, осы топтың ерекшеліктерін білу, фармакологиялық қасиеттерін, жанама әсерлерін, сақтау шарттарын анықтау;
		12	Ас қорыту мүшелерінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер.	-ас қорыту мүшелерінің қызметін реттейтін дәрі-дәрмектер топтарына толық сипаттама беру;
07	Зат алмасу үрдістерін реттеуші дәрі-дәрмектер.	13	Гормональді дәрі-дәрмектер (гипофиз гормондары, ұйқы безі гормондары, қалқанша безі гормондары, қалқансерік безі гормондары).	-гормональді дәрі-дәрмектер (гипофиз гормондары, ұйқы безі гормондары, қалқанша безі гормондары, қалқансерік безі гормондары) топтарына толық сипаттама беру;
		14	Дәрумендер препараттары және олардың аналогтары. Ферментті дәрі-дәрмектер және ферментке қарсы белсенді заттар.	-дәрумендер препараттары және олардың аналогтары. Ферментті дәрі-дәрмектер және ферментке қарсы белсенді заттар топтарына сипаттама беру;
		15	Антифибринолитикалық заттар.	-антифибринолитикалық заттарды сипаттау;
		16	Гипохолестеринемиялық және гипопопротеинемиялық әсер етуші дәрілер.	-гипохолестеринемиялық және гипопопротеинемиялық әсер етуші дәрілерді жіктеу, толық

			Антисклеротикалық препараттар.	сипаттама беру, қолдану жиілігін анализдеу; -антисклеротикалық препараттар туралы мағлұмат қалыптастыру;
		17	Аминоқышқылдар. Плазмоалмастырушы заттар және парентеральді қоректенуге арналған дәрілер.	-аминоқышқылдар, плазмоалмастырушы заттар және парентеральді қоректенуге арналған дәрілерді атап көрсету;
		18	Ағзадағы қышқыл-сілтілік және иондық тепетеңдікті реттеуші дәрі-дәрмектер.	-ағзадағы қышқыл-сілтілік және иондық тепетеңдікті реттеуші дәрі-дәрмектердің әсерін сипаттау;
		19	Метаболикалық үрдістерді қуаттандыратын әртүрлі препараттар.	-метаболикалық үрдістерді қуаттандыратын әртүрлі препараттарды анализдеу және қолдану нұсқаулығын қарастыру;
08	Әр түрлі патологиялық үрдістерге әсер ететін дәрі-дәрмектер (қабыну, аллергия, атеросклероз, бластомогенез және т.б.).	20	Қалқанша безі және қалқансерік безінің гормондарының препараттары.	-қалқанша безі және қалқансерік безінің гормондарының препараттарын білу және толық сипаттама беру;
		21	Гипогликемиялық әсер көрсететін синтетикалық дәрілер.	-гипогликемиялық әсер көрсететін синтетикалық дәрілердің әсерін білу;
		22	Глюкокортикоидты дәрі-дәрмектер. Жыныс гормондарының препараттары және олардың синтетикалық аналогтары.	-глюкокортикоидты дәрі-дәрмектердің ерекшеліктерін, қолданылуын, фармакологиялық әсерін, жанама әсерлерін талдау; -жыныс гормондарының препараттары және олардың синтетикалық аналогтары туралы мағлұмат алу;
		23	Жатырдың тонусы мен жиырылу белсенділігіне әсер ететін дәрі-дәрмектер.	-жатырдың тонусы мен жиырылу белсенділігіне әсер ететін дәрі-дәрмектерді жіктеу, қолдану ерекшеліктері туралы мағлұмат қалыптастыру;
		24	Регенерация үрдістерін қуаттандыратын дәрі-дәрмектер. Анемияға қарсы дәрі-дәрмектер.	-регенерация үрдістерін қуаттандыратын дәрі-дәрмектерді атау; -анемияға қарсы дәрі-дәрмектер талдау, құрамы мен дәрілік қалып түріндегі ерекшеліктерді талдау жүргізу;

		25	Тез басталатын аллергиялық реакцияларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер. Антигистаминді дәрі-дәрмектер.	-тез басталатын аллергиялық реакцияларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді анықтау; -антигистаминді дәрі-дәрмектердің ерекшелігін көрсету;
09	Микробтарға қарсы, паразиттерге қарсы, вирусқа қарсы және т.б. дәрі-дәрмектер.	26	Антибиотиктер.	-антибиотиктерді жіктеу; -осы топтың қолдану ерекшеліктері және қарсы көрсетілімдерін білу;
		27	Сульфаниламид препараттары. 8-оксихинолин туындылары. Нафтиридин, хинолон, фторхинолон туынды дәрі-дәрмектері.	-сульфаниламид, 8-оксихинолин туындыларын, нафтиридин, хинолон, фторхинолон туынды дәрі-дәрмектерін сипаттау, топтың фармакологиялық әсерлерін, қолданылуын, жанама әсерін, қолдану дозасын білу;
		28	Туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектер. Лепраға қарсы дәрі-дәрмектер. Вирусқа қарсы препараттар. Протозой инфекцияларға қарсы дәрі-дәрмектер. Мерезге қарсы дәрі-дәрмектер. Саңырауқұлақтарға қарсы дәрі-дәрмектер. Антипедикулезді және қышымаға қарсы дәрі-дәрмектер.	-туберкулезге, лепраға, вирусқа протозой инфекцияларына қарсы, мерезге саңырауқұлақтарға, педикулезге және қышымаға қарсы дәрі-дәрмектер тобына толық сипаттама беру;
10	Дәрі-дәрмектердің өзара әрекеттесулері.	29	Фармацевтикалық өзара әрекеттесулері. Антагонизм.	-фармацевтикалық өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көрсету; -антагонизмді сипаттау;
		30	Фармакологиялық өзара әрекеттесулері. Синергизм.	-фармакологиялық өзара әрекеттесулерді атау. Синергизмді сипаттау;

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Фармакология негіздері» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер

1. Харкевич Д.А. «Общая фармакология», Гэотар-Мед «2008 г. учебник»
2. Анисимова Н.Б. «Клиническая фармакология», Ростов-на-Дону «Феникс» 2005 г. учебник.
3. Гаевый М.Д., Петров В.И., Гаева Л.М. 2008 г. учебник.
4. Бекетов А.И. «курс лекции по фармакологии» 2005 г Монография.
5. Виноградов В. М., Каткова Е.Б. «Фармакология с рецептурой» 2009 г. учебник.
6. Майский В.В., Аляутдинов В.Н. , «Фармакология с общей рецептурой» 2010 г. учебник.

Қосымша әдебиеттер

1. Созонова И.В., Скорохватова Г.Л. «Практикум по фармакологии» 2005 г.
2. Гаевый М.Д. «Фармакология с рецептурой » 2007 г.
3. Малеванная В.В. «Конспект лекций» 2007 г. учебник.
4. Венгеровский А.И. «Лекции по фармакологии» 2007 г. учебник.
5. Белоусов Ю.Б., Гурьевич К.Г. «Клиническая фармакология» 2005 г.
6. Пичхадзе Г.М., Кадырова Д.М., Карбаева М.С., Ким И.И. , «Фармакология», «Арман» 2010 г.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Денсаулық сақтау»

Оқу-әдістемелік

бірлестігінің төрайымы

 Рузденова Н.Б.

(колы)

(Т.А.Ә)

« _____ » 2022 ж.









